

 <p>ҚАЗ ҰТЗУ</p>	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ. И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3 деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2016 жылғы «08» шілде №2 басылым</p>	<p>Е 029-04.14.2.70.05-2016</p>

**Ғылыми-техникалық кеңес жөніндегі
ЕРЕЖЕ**

Е 029-04.14-2.70.2.05-2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІР-ЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

« 24 » 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

« 4 » 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

« 1 » 07 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

« 30 » 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын бағалау басқармасының бастығы

« 29 » 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

« 28 » 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

3 Ректордың 2016 жылғы « 08 » 07 № 254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Ғылыми-техникалық кеңестің мақсаты мен негізгі міндеттері	6
4 Ғылыми-техникалық кеңестің мүшелерін тағайындау тәртібі	7
5 Ғылыми-техникалық кеңестің жұмыс регламенті	7
6 Ғылыми-техникалық кеңес мүшелерінің міндеттері мен құқықтары	7
Өзгерістерді енгізу парағы	9

Жалпы ереже

1.1 Ғылыми-техникалық кеңес жөніндегі Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің (бұдан әрі - Университет) Ғылыми-техникалық кеңесінің (бұдан әрі - ҒТК) ұйымдастыру тәртібі мен қызметін, сонымен қатар мүшелерді таңдау ретін анықтайды.

1.2 ҒТК Университеттің ғылыми-ұйымдастырушылық, ғылыми және инновациялық (оның ішінде ғылыми-техникалық және патентті-лицензионды) қызметінің негізгі мәселелерін қарастыру үшін консультативті-кеңес органы ретінде құрылады және қызмет етеді.

1.3 ҒТК ғылым мен техника саласында мемлекеттік саясатты жасау және іске асыруда профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің қатысуы, Университетте орындалатын ғылыми зерттеулердің деңгейін арттыру және инновациялық қызметті белсендіру, ғылыми және жоғары біліктілік дәрежедегі инженерлерді дайындаудың тиімділігін арттыру түрінің бірі болып саналады.

1.4 ҒТК отырыстарының саны мен олардың мерзіміне регламент қойылмайды. ҒТК отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Қажет болған жағдайда кезектен тыс ҒТК отырыстары өткізіледі.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 ҒТК өз қызметінде Қазақстан Республикасының және құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазанындағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтер нәтижесін коммерциялау туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Ин-

теллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 Министрдің бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Стратегиялық жоспары;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2016 жылдың 6-шы қыркүйегіндегі №315 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізумен;

– Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Даму Стратегиясы-2020, Университеттің Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 қаңтардағы № 7 хаттамасымен бекітілді;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызындағы №1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырындағы № 499 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қаулысы;

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– МЕСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есептер;

– Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Даму Стратегиясы-2020 (Университет Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 қаңтардағы № 7 хаттамасымен бекітілді);

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтарымен, өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ 1157-2002 " Жоғары кәсіптік білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі ";

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі.

3 ҒТК мақсаты мен негізгі тапсырмалары

3.1 ҒТК құрудың негізгі мақсаты - Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін тиімді басқаруды қамтамасыз ету, ғылыми бөлімдердің жұмыс сапасын бағалау, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу және ғылыми-өндірістік үдерісте пайдалану.

3.2 ҒТК негізгі міндеттері:

3.3 Университеттің ғалымдарымен ғылым мен техниканың басым бағыттарын дамыту, жоғары оқу орны ғылымының рөлін арттыру, Университеттің зияткерлік және ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану, қысқа мерзімдерге және ұзақ мерзімдерге ғылымның дамуы үшін қажетті жағдай жасау үшін ұсыныстар дайындау.

3.4 Университетте өткізілетін ғылыми және инновациялық (ҒЗЖ, ҒЗТКЖ, және т.б. туралы есептер) зерттеулердің негізгі нәтижелерін талдау және бағалау, ҒЗЖ, ҒЗТКЖ ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

3.5 Стратегиялық және ағымдағы жоспарларды, ғылыми және инновациялық қызметтің нәтижелерін қарастыру, Университеттің және құрылымдық бөлімшелердің тиімді жұмыстары бойынша ұсыныстар дайындау.

3.6 Ғылыми мектептерді дамыту, жоғары біліктілік дәрежедегі ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау бойынша ұсыныстар дайындау.

3.7 Университет пен ғылыми, академиялық мекемелер, өндірістік кәсіпорындар арасында бірлесу үдеріске қолдау көрсету, шетелдік білім беру және ғылыми орталықтармен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қолдау көрсету.

3.8 Оқу және демалыс кезеңдерінде докторанттардың, магистранттардың және бакалаврлардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға қолдау көрсету.

3.9 Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін ақпараттық қамту және насихаттау бойынша ұсыныстар дайындау.

3.10 Оқу үдерісінде Университеттің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін қолдану бойынша ұсыныстарды қарастыру.

3.11 Инновациялық қызметті дамыту мәселелерін және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерциялық пайдалану бойынша ұсыныстар қарастыру.

3.12 Университеттің және шеткі ұйымдардың ғылыми-техникалық және инновациялық жобалардың ғылыми-техникалық сараптамаларын ұйымдастыру.

3.13 Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамымен (бұдан әрі - ПОҚ) және мамандарымен дайындалған Университеттің және шеткі ұйымдардың ғылыми-техникалық және инновациялық жобалардың ғылыми-техникалық сараптамаларының қорытындыларын қарастыру.

4 ФТК мүшелерін таңдау тәртібі

4.1 ФТК дербес құрамы және ФТК сарапшылық тобы университет басшысының бұйрығымен екі жыл мерзімге бекітіледі.

4.2 ФТК мүшелері Университет ұжымының жалпы отырысының көпшілік дауысымен, ФТК сарапшылық тобымен көпшілік дауысымен бейінді институттардың Ғылыми кеңесінде таңдалады.

4.3 ФТК құрамына және ФТК сарапшылық тобына Университеттің ғылыми бөлімшелерінің жетекші ғалымдары мен басшылары кіреді.

4.4 ФТК-і Университеттің жетекші ететін проректоры басқарады.

4.5 ФТК мүшелерінің қатарынан дауыс беру арқылы ФТК төрағасы мен хатшы сайланады.

4.6 ФТК төрағасы Университеттің Ғылыми кеңесінің алдында жылына бір рет есеп береді.

5 ФТК жұмысының регламенті

5.1 ФТК төрағасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмысты ұйымдастырады және отырыстарды өткізеді. Төраға болмаған жағдайда, оның қызметін ФТК төрағасының орынбасары орындайды.

5.2 Хатшы ФТК отырыстарын дайындау (кезекті отырыстар жөнінде ФТК мүшелерін хабарландыру) және өткізу бойынша ағымдағы жұмысты іске асырады.

5.3 ФТК шешімдері хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға ФТК төрағасы немесе оның орынбасары және ФТК хатшысы қол қояды. Сарапшы тобылардың қортындары кеңейтілген ФТК отырысына шығарылады және бекітіледі, содан кейін сарапшы тобылармен дәленделген, ФТК шешімдері ФТК хаттама-сымен рәсімделеді

5.4 ФТК отырыстарының хаттамаларын ресімдеуді, құжаттарды таратуды ФТК хатшысы іске асырады.

5.5 Шешімдер ФТК отырысына ФТК мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда қабылданады. Отырысқа қатысып отырған 2/3 мүшелері дауыс бергенде, шешім қабылданды деп есептеледі.

5.6 ФТК шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстың көпшілігімен ФТК құпия дауыс беру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

5.7 ФТК шешімдері ұсыну сипатында болады. ФТК шешімдеріне міндетті мәртебе беру үшін мәселенің мәнісі жөнінде ректордың бұйрығы жасалады.

5.8 ФТК шешімдерін орындауды ФТК төрағасы бақылайды және ФТК мүшелерін кезекті отырыстарда хабарландырады.

6 ФТК мүшелерінің міндеттері мен құқықтары

6.1 ФТК төрағасы:

- ҒТК жұмыс жоспарын жасайды және оның талқылануын ұйымдастырады;
- бекітілген жоспарды іске асыру бойынша ҒТК қызметін ұйымдастырады;
- қабылданған шешімдердің (ұсыныстардың) орындалуын бақылайды;
- ҒТК төрағасының орынбасарына, ҒТК мүшелеріне ҒТК отырыстарында қарастыру үшін мәселелерді дайындауды бұйырады.

6.2 ҒТК төрағасының орынбасары:

- ҒТК төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметін атқарады;
- ҒТК отырыстарында қарастыру үшін мәселелерді дайындауды орындайды.

6.3 ҒТК хатшысы:

- ҒТК қызметін айқындайтын құжат айналымын жүргізеді (хаттамалар, сайтқа ақпарат, ҒТК мүшелерімен байланысты қамтамасыз етеді, хаттамалардан үзінділерді дайындайды және т.б.);
- ҒТК мүшелерін ҒТК өткізулуі жөнінде хабардар етеді.

6.4 ҒТК мүшелері міндетті:

- ҒТК-ң барлық отырыстарына қатысуға және қарастырылатын сұрақтарды талқылауға белсенді түрде қатысуға;
- ҒТК тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға;
- ҒТК шешімдерінің (ұсыныстарын) орындалуына қолдау көрсетуге.

6.5 ҒТК дербес мүшелерінің міндетті:

- ҒТК-ң дербес ұжымдарының отырыстарына қатысуға және қарастырылатын сұрақтарды талқылауға белсенді түрде қатысуға;
- ҒТК тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындауға;
- ҒТК шешімдерінің (ұсыныстарын) орындалуына қолдау көрсетуге.

6.6 ҒТК мүшелері құқылы:

- Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшыларынан ҒТК отырыстарында қарастырылатын мәселелерге қатысы бар сұрақтарды дайындау үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды талап етуге;
- материалдарды дайындау үшін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін тартуға;
- құрылымдық бөлімшелерге қарастыру және қорытынды дайындау үшін материалдарды беруге;
- Университеттің ғылыми-ұйымдастырушылық, ғылыми және инновациялық қызметінің мәселелерін талқылау барысына шығаруға.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы